



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Маусым **2024**

2024 жылғы маусымда жылдық инфляция төмендеуін жалғастырып, 8,4%-ға түсті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасының жылдық дефляциясы жалғасуы, азық-түлік өндірушілер бағасының өсу қарқыны төмендігінен азық-түлік тұтыну бағасының жылдық өсу қарқыны баяулауын жалғастырды.


Тұтыну сұранысының тұрақты болуына байланысты инфляция қысымы сақталғанына қарамастан, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны да төмендеді.

Қызмет көрсету инфляциясының өсу қарқыны реттелетін коммуналдық қызмет тарифтерінің аздап төмендеуі аясында жылдық мәнде төмендеді. Алайда нарықтағы кейбір қызмет бағаларының өсуі инфляциялық қысым тудырып отыр.

2024 жылғы маусымда жылдық инфляция бәсеңдеуін жалғастырып, 8,4% болды (2024 жылғы мамырда – 8,5%). Бір айдағы баға өсімі өткен айдағы 0,4% деңгейінде қалды, (1- кесте).


Сонымен қатар, маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция көрсеткіші айлық мәнде 0,42%-ға дейін (0,35%) жеделдеді. Маусымдық факторларды ескермегенде, жемістер, майлар, жеке қолданылатын электр құралдары және тұрмыстық заттар бағасының төмендегені байқалады. Кей коммуналдық қызметтің маусымдық факторлар ескерілмеген бағасының өсімі төмендеді. Атап айтқанда, жылу энергиясы мен газ бағасы. Сондай-ақ аяқ киім жөндеу және сақтандыру қызметінің де бағасы түсті. Сонымен қатар, 2024 жылғы маусымда тауарлар мен қызметтердің біршама бөлігінің маусымдық факторлар ескерілмеген аннуализденген бағасының өсімі мақсатты 5% көрсеткіштен асып кетті (2- кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі


2-кесте. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістермен¹ есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның бір айдағы орташа мәні өткен айдағы 0,38%-бен салыстырғанда аздап жеделдеп, 0,44%-ға жетті (3-кесте).


3-кесте. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы маусымда азық-түлік бағасының өсімі жылдық мәнде 5,4%-ға дейін баяулады (2024 жылғы мамырда – 5,5%). Бұл үрдіс азық-түліктің біразының жылдық дезинфляциясы, сондай-ақ көкөністердің, майлардың дезинфляциясы нәтижесінде байқалды (4-кесте).

4-кесте. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

2024 жылғы маусымда азық-түлік бағасы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өзгеріссіз қалды (2024 жылғы мамырда 0,2%-ға төмендеді). Бұл көрсеткіш орташа тарихи деңгейден (2017-2021 жылдардағы маусымда – 0,6%) айтарлықтай төмен екенін атап өткен жөн. Инфляцияның азық-түлік компонентіне қысымның төмендеуіне жеміс, нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының өсімінің баяулауы, сондай-ақ жұмыртқа, көкөніс, майлардың, қанттың арзандауы әсер етті.

Азық-түлік бағасы төмендеуінің негізгі факторларының бірі – көкөністің айлық дефляциясы (-4,5%), бұл үрдіс төртінші ай қатарынан жалғасып жатыр. Жылыжай қияры мен қызанақтарын өндірушілер бағаны түсіруі тұтыну бағасының төмендеуіне әсер етті. Мысалы, 2024 жылғы маусымда қияр бағасы 18,7%-ға, ал қызанақ бағасы 13,3%-ға төмендеді. Нәтижесінде, 2024 жылғы наурыздан маусымға дейін қияр бағасы 55,1%-ға, ал қызанақ бағасы 29,9%-ға төмендеді. Сондай-ақ, ақ қырыққабат бағасы өндірушілер бағасының төмендеуі және сұраныстың аз болуы себепті айлық мәнде 18%-ға төмендеді².

Жармалар мен ұн өндірушілердің бағасы төмендегені байқалды, бұл ұнтақ жармадан басқа барлық жарма бағасының төмендеуіне әкелді, нәтижесінде жарма бағасы айлық мәнде 1,9%-ға төмендеді. Майлар мен тоң майлар бағасы ары қарай төмендеді (-0,2% а/а). Өндірушілер жұмыртқа бағасын ұзақ уақыт төмендеткеніне байланысты жұмыртқаның тұтыну бағасы үшінші ай қатарынан төмендеуін жалғастырып, 2024 жылғы маусымда 0,4%-ға (2024 жылғы сәуір-маусымда – -13%) төмендеді.

Сонымен қатар, 2024 жылғы маусымда ет айлық мәнде – 0,4%-ға, теңіз өнімдері – 0,4%-ға және сүт өнімдері 0,3%-ға қымбаттағаны азық-түлік бағасының динамикасына қысым түсірді.

2024 жылғы маусымда өсімдік майларын қоспағанда, барлық негізгі азық-түліктің ішкі бағасы сыртқы бағадан жоғары болды. 2024 жылғы маусымда 7 ай бойы нығайған теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының әлсіреуі теңгемен есептелген сыртқы бағалардың өсуіне немесе жылдам өсуіне ықпал етті.

Баға айырмашылығы өсімдік майлары мен дәнді дақылдарда да байқалды. Ет пен қанттың ішкі және сыртқы бағасы арасындағы айырмашылық, негізінен, 2024 жылғы маусымда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды бағамының әлсіреуіне байланысты қысқарды (5-кесте).

Дәнді дақылдардың әлемдік бағасының динамикасы екі айлық өсімнен кейін төмендей бастады. 2024 жылғы маусымда индекс айлық мәнде 3,0%-ға (жылдық мәнде 9,0%-ға) төмендеді және бұл ірі дәнді дақыл өндірушілер шоғырланған негізгі аймақтарда (Ресей, Бразилия, Еуропа) егін жинау науқанының басталуына байланысты болды. Дәнді дақылдардан Бразилия мен Аргентинада егін жинау аясында жүгері бағасы айлық мәнде 2,1%-ға (жылдық мәнде 18,1%-ға) төмендеді. Сондай-ақ, әлемдік нарықта импорт сұранысы төмен болуына байланысты күріш бағасының өсу қарқыны баяулады.


2024 жылғы маусымда өсімдік майларының әлемдік бағасы айлық мәнде 3,1%-ға (жылдық мәнде 13,8%-ға) өсті. Бұған әлемдік нарықтағы сұраныс мол болуына байланысты майлардың негізгі түрлерінің (пальма, күнбағыс, соя) бағасы өскеніне байланысты болды.

Қанттың ішкі және сыртқы бағаларындағы айырмашылығы үш ай бойы ұлғайғаннан кейін ішкі бағалардың төмендеуі және сыртқы бағалардың жылдам өсуі аясында қысқарды. Биылғы маусымда қанттың әлемдік бағасы айлық мәнде 1,9%-ға өсуі (жылдық мәнде 21,6%-ға төмендеді) Оңтүстік Америкадан күткеннен төмен өнім алуына байланысты болды.

² Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда Комитетінің баспасөз орталығы.

2024 жылғы маусымда еттің әлемдік бағасы айлық мәнде 0,1%-ға (жылдық мәнде 1,8%-ға) төмендеді, бұл негізінен әлемдік нарықта мол ұсыныс пен аз импорттық сұраныс аясында құс еті бағасының төмендеуіне байланысты болып отыр. Сонымен қатар, биылғы маусымда теңгенің номиналды айырбас бағамының әлсіреуі еттің тенгемен есептегендегі сыртқы бағасының өсуіне және баға айырмашылығының қысқаруына ықпал етті.

5-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы, теңгемен, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы маусымда **азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** жылдық баға өсімі 7,4%-ға дейін баяулады (2024 жылғы мамырда – 7,6%). Тауарлар құрылымында жанар-жағармай бағасының жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады, бұл кейінгі төрт айдағы баға тұрақтылығына байланысты. Сонымен қатар, жеке қолдануға арналған заттар, тұрмыстық заттар және дәрі-дәрмек нарығында дефляциялық үрдіс байқалады (6-кесте).

2024 жылғы маусымда азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының бір айдағы өсімі 0,6%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы мамырда – 0,5%). 2024 жылғы маусымда азық-түлікке жатпайтын тауарлар компонентіндегі инфляцияның төмендеуіне жеке қолданылатын электр құралдары бағасының төмендеуінің жалғасуы (-6,3% а/а), шыны бұйымдар, ыдыс-аяқ және тұрмыстық заттар (-4,4% а/а) әсер етті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасының өсуіне жиһаз және тұрмыстық заттар (1,7% а/а), аудиовизуалды жабдықтар (1,4% а/а) және киім (1% а/а) айтарлықтай әсер етті.

6-кесте. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы маусымда **ақылы қызмет** бағасының жылдық өсімі 13,8%-ға дейін баяулады (2024 жылғы мамырда – 13,9%) (7- кесте). Бағаның айлық өсімі де 0,6%-ға дейін баяулады (1%).

Ақылы қызметтердің ішінде кешенді демалысты ұйымдастыру қызметі бағасы (13% а/а), сондай-ақ мәдениет және ойын-сауық саласындағы қызметтердің бағасы (2,1% а/а) жазғы демалыс уақыты және теңгенің номиналды бағамының әлсіреуі аясында өскені байқалады.

Сонымен қатар, сақтандыру қызметі (-5,1% а/а) және амбулатория қызметі (-0,3% а/а) арзандағаны байқалады. Қоқыс шығару қызметі бағасының өсу қарқыны 2024 жылғы мамырдағы 6,1%-дан 0,8%-ға дейін баяулады. Сондай-ақ тұрғын үйді жалға алу бағасының өсуі 1,5%-дан 0,7%-ға дейін баяулады.

7-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Биылғы маусымда реттелетін коммуналдық қызмет тарифтері бағасы 0,3%-ға (а/а) төмендегені байқалды (2024 жылғы мамырда – 0,6% а/а өсті), ал жылдық мәндегі инфляция 29,1%-дан 28,9%-ға дейін баяулады. 2024 жылғы маусымда су бұру тарифтері 1%-ға, сумен жабдықтау 0,7%-ға, электр энергиясы 0,2%-ға өсті. Сонымен қатар, ыстық су

тарифі төмендеді (-6,8% а/а). Желі арқылы тасымалданатын газ бен мен жылу құны өзгеріссіз қалды (8-кесте).

8-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-маусым, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы маусымда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағалары өткен жылғы деңгейге жақындады.


Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасы күрделі, аралық және отын-энергетика тауарларының қымбаттауы аясында өсті.

Қызмет көрсету саласында барлық көлік түрімен жүк тасымалдау тарифі одан әрі өсті.


2024 жылғы маусымда ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының төмендеуі жылдық мәнде 0,5%-ды құрады (9-кесте). Төмендеу қарқынының баяулауы мал шаруашылығы өнімдерінің, атап айтқанда, жылқы мен құс бағасының өсуіне байланысты болды (жылдық мәнде сәйкесінше 6,5% және 8,1%-ға өсті). Бидай бағасы өткен жылғы сәуірден бастап ұзақ уақыт төмендегеннен кейін алғаш рет жылдық мәнде 0,6%-ға өсті, ал майлы және мал азығы дақылдарын өндірушілердің бағаласы ары қарай төмендеді (жылдық мәнде сәйкесінше 8,9% және 8,3%-ға төмендеді).

Азық-түлік өнімдерін өндірушілердің бағасы өткен жылғы шілдеден бері алғаш рет жылдық мәнде 0,7%-ға өсті, сонымен қатар сусын өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 9,1%-ға өсті (10-кесте). Нан-тоқаш, макарон, ұн, кондитерлік және ұнтақ-жарма өнімдері, сондай-ақ ет және сүт өнімдерінің бағасында да жылдық өсім байқалады. Сонымен қатар, қант, майлар мен тоң майлар және жануарларға арналған дайын азық өндірушілердің бағасы жылдық мәнде төмендеуін жалғастырды.

9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



10-кесте. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


2024 жылғы маусымда өнеркәсіп қызметтерінің (жылдық өсім – 9,4%), қысқа уақытта пайдаланылатын тауарлар (жылдық өсім – 4,4%), аралық тауарлар (жылдық өсім – 4,3%) және отын-энергетика тауарларының (жылдық өсім – 11,0%) бағасы ары қарай өсті (11-кесте). Құрылыс материалдарының бағасы өткен жылғы деңгейде қалды.

Теміржол және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифтерінің қымбаттауы жалғасты. Автомобильмен жүк тасымалдау бағасының өсу қарқыны 1,5% ж/ж дейін баяулады (12-кесте).

11-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар, ж/ж, %



12-кесте. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ